



Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 45-бабына сәйкес төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Орталықтың қазақстандық бөлігін басқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.»;

2) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталықтың жалпы ауданы 5,60 ш. км құрайды, оның ішінде қазақстандық бөліктің ауданы 2,17 ш. км қытай бөлігінің ауданы 3,43 ш. км.».

3) **алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.12.2014 № 1316 қаулысымен.**

4) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 4 - б а п

Тауарларды (жүктерді) Орталыққа/Орталықтан өткізу кезінде ұлттық заңнамалар және халықаралық шарттардың тиісті ережелері сақталуы тиіс. Орталыққа/Орталықтан өткізілетін тауарларға (жүктерге) қатысты кедендік рәсімдерді жүргізу аптасына жеті күн қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Адамдар, шағын литражды және жеңіл автомобильдер (сыйымдылығы 8 адамға дейін) үшін кедендік рәсімдерді жүргізу уақыты қажет болған жағдайда ұзартылады.

Орталық аумағының шегінде адамдар, тауарлар (жүктер) және көлік құралдары е р к і н ө т е д і .

Орталықтың жұмыс режимі:

1 мамырдан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанда	8.30-дан 18.00-ге дейін (Астана уақыты); 10.30-дан 20.00-ге дейін (Пекин уақыты);
1 қазаннан бастап 30 сәуірді қоса алғанда	9.00-ден 17.00-ге дейін (Астана уақыты); 11.00-ден 19.00-ге дейін (Пекин уақыты).».

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігі (ата-анасының біреуінің алып жү р у і м е н ) . » ;

6) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 1 - б а п

Орталыққа/Орталықтан өткізу кезінде көлік құралында Тараптардың бірі мемлекетінің таным белгісі мен мемлекеттік-тіркеу нөмірі болуы тиіс. Жүк тасымалдары осьтерінің саны 6-дан (қоса алғанда) аспайтын жүк автомобильдерімен жүзеге асырылады. Орталық аумағында жолаушы мен жүктерді тасымалдауды жүзеге

асыру кезінде аумағында тасымалдау жүзеге асыратын Тарап мемлекетінің заңнамасы  
с а қ т а л у ы т и і с . » ;

7) Келісімге 1-қосымша осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда  
ж а з ы л с ы н .

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.12.2014 № 1316 қаулысымен.**

## 2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді  
Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап  
күшіне енеді.

## 3-бап


Осы Хаттама Келісім қолданылатын мерзімге қолданылады.

201\_\_ жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_ қаласында қазақ, қытай және орыс  
тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Қытай Халық Республикасының</i>		
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>		
2005 жылғы	4 шілдедегі		
Қазақстан	Республикасының		
Үкіметі мен	Қытай Халық		
Республикасының	Үкіметі		
арасындағы	«Қорғас» шекара		
маңы	ынтымақтастығы	халықаралық	
орталығының	қызметін	реттеу	туралы
келісімге	өзгерістер	мен	толықтырулар
енгізу туралы хаттамаға қосымша			

2005 жылғы	4 шілдедегі	
Қазақстан	Республикасының	
Үкіметі мен	Қытай Халық	
Республикасының	Үкіметі	
арасындағы	«Қорғас»	
шекара	маңы	ынтымақтастығы
халықаралық	орталығының	
қызметін	реттеу	туралы
келісімге қосымша		

# ҚР ШЫҒО шекара аумағы (217 га) және ҚХР сауда аймағының орналастыру схемасы мен шекарасы



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК